Егер пән олимпиадасына қатысатын оқушылармен сапалы және жүйелі дайындық жүргізілсе, баланың білім алуға деген құштарлығы еселеніп, оқушының алғырлығы арта түсетіні ғылымда дәлелденіп келеді. Сапалы әрі жүйелі дайындық – тек баланың ғылымға ғана көзқарасын қалыптастырып қоймай, болашаққа деген үмітін оятып, өзіне деген сенімін нығайтып, биік мақсаттар қоя алатын тұлға тәрбиелеуде қажетті дағдыларды қалыптастырады. Ғылыммен тұрақты айналысу арқылы білімін арттыру дағдысын қалыптастырған олимпиада жеңімпаздарынан болашақ қазақ ғылымына ертеңгі үлес қосатын тұлғалардың қалыптасатыны шүбәсіз. Әр түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадалар оқушылар мен студенттердің зияткерлік әлеуетін дамыту және көрсету үшін бірегей орта болып саналады деген қорытынды жасауға болады. Олимпиада орта ретінде тек фактор ғана емес, сонымен қатар тұлғаның даму шарты, әлеуметтік қызмет пен қарым-қатынас өрісі. Олимпиада – ұлттың зияткерлік элитасын қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі. Алайда, әр түрлі олимпиадаларды өткізудің соңғы мақсаты – жас дарындарды анықтау, неғұрлым оқушыны мүмкіндігінше ертерек интеллектуалдық қызметке тарту. Бірақ, өкінішке орай, сол жолда қандай жұмыс дұрыс, қандай жұмыс қате орындалып жатқандығын қазіргі таңда Қазақстанда ешкім тексеріп, статистикасын жасап, тиімді жолдарын көрсетіп жатқан жоқ.

Еліміздегі пән олимпиадасына дайындауда қазіргі таңдағы орта білім жүйесінде орын алып жүрген кемшіліктер жоқ емес. Біріншіден, бүгінде пән олимпиадаларына қатардағы орта мектептердің баса мән бермеуі, елдегі дарынды балаларға арналған мектептер мен санаулы сапалы білім беріп жүрген лицей-гимназия оқушыларының негізгі жүлделерді иемденуі ойымызға дәлел болады. Қатардағы орта мектептерден жүлде алған оқушылардың саны саусақпен санарлық.

Екіншіден, шәкірттерді бейінді пәніне дайындау барысында ұстаздар тарапынан үлкен қателік бой алып жатады. Мұғалім өз пәнінен белсенді санайтын оқушыны олимпиадаға дайындауға тырысады. Жалпы үлгерімі жақсы, ғылымға бейім бұл оқушыға екінші пән оқытушысының да көзі түседі. Екі мұғалімнің арасындағы таласқа ұласқан бұл әрекет оқушының өзіне таңдау қалдырмайды. Мұғалімді оқушының болашағынан гөрі, қайтсе де олимпиададан орын әкелуі көбірек қызықтырады. Мұғалімге санат дәрежесін (категориясын) көтеру үшін оқушысының олимпиададан жетістігі қажет. Мұғалімнің жетістігі үшін оқушының болашағына бағдар беретін жолы көмескіленеді. Оқушы өзі ұнатқан жанына жақын пәнмен айналыспайды, мұғалімнің бағыттауымен басқа пәннің жетегімен кетеді. Орта мектеп бітіріп, мамандық таңдау кезінде бұл оқушы қатты қиналады. Ұлттық бірыңғай тестілеуден өткенде бірнеше жыл білім мен тәжірибе жинаған пәнді таңдау керек пе немесе өзі ұнататын

мамандықты таңдап басқа пәнге дайындалуды керек пе деген мәселе алдынан шығады.

Үшіншіден, дарынды оқушылармен жұмыс жасау жүйесі жасалмаған, оны қадағалап бағдарлама жасайтын арнайы сарапшылар да жоқ. Тек олимпиадаға қатысушы санын толтырып, орын алушылардың санын арттыруға назар көп бөлінеді. Жоғарыда ескерткеніміздей, оқушының ол салаға қызығушылығы бар ма, жоқ па ешкім онымен санаспайды. Осындай олқылықтардың кесірінен білім олимпиадалары өз нәтижесін қажетті деңгейде көрсете аламайды. Қызығушылығы жоқ пәнге жүйелі дайындалмаған баланың әр жарыста талабы мұқалып, меселі қайтады. Нәтижесінде пән олимпиадалары олар үшін алынбайтын қамал немесе тек мұғалімнің көңілі үшін барған ешқандай мағынасы жоқ жиынға айналады.

Төртіншіден, білім жарысына дайындық барысында жай тапсырма орындатудан басқа пәннің теориялық мазмұнына баса мән беру керек деп ойлаймыз. Ол үшін әр мектепте мамандандырылған арнайы зертханалар ашылса, арнайы ғылыми институттарға экскурсия жасалып, өзекті ғылыми теориялық мәселелермен олардың шешімімен танысып отыруға мүмкіндіктер жасалу керек. Пәннің ерекшелігіне қарай лабораториялық тәжірибелердің де маңызы зор. Алған теориялық білімін өмірде пайдалана білу оқушының ғылымға деген ықыласын артырады. Ал мұндай бастама ғылымға талпынуға, жеңіске талмай жетуге апарар бірден бір жол.

Бесіншіден, оқушының ұлттық генетикасы ескерілмеген жағдайда оның дарыны мен қабілеті толығымен ашыла қоюы екіталай деген ғылыми пікірге назар аудару керек. Зияткер ұрпақ тәрбиелеу үшін ұлтқа ден сүйіспеншілік пен ұлтжандылықты қалыптастыру маңызды. «Жастар – біздің болашағымыз» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, ұлттық рухы биік парасатты азамат етіп тәрбиелеу, әлеуметтендіру, заман талабына сай етіп тәрбиелеу – біздің өмірлік парызымыз.

Алтыншыдан, олимпиадаға дайындайтын мұғалімдерге қосымша оқыту курстары тұрақты ұйымдастырып, біліктілігін арттыратын лабораториялар құру қажет. Қазақ тіліндегі әдістемелік құралдардың тапшылығын да ескеру керек.

Алтыншыдан, оқушы мен бірге мұғалімдерді ынталандыру үшін марапаттауларды назардан тыс қалдырмаған дұрыс.

Халықаралық олимпиадаларда жоғары көрсеткіш көрсетіп жүрген Білім-инновация лицейлерінің тәжірибелерін республикаға таратудың маңызы бар деп ойлаймыз. Бұл лицейлердегі ең басты ерекшелік 7-11 сынып оқушыларынан тұратын олимпиадалық резервті қалыптастырады. Жоғары сынып оқушылары төменгі сынып оқушыларын олимпиадаға дайындайды, өз тәжірибелерімен бөліседі. Яғни олимпиадаға қатысушы үйрете отырып, үйренеді. Бұл үрдіс жылдан-жылға жалғасын таба береді.

Олимпиадалық топтың аға буыны саналатын түлектер белгілі бір жетістікке қол жеткізген соң, өз тарапынан да оқушыларға қолдау көрсетеді, арнайы степедиялар тағайындауы да мүмкін. Бұл үрдістің сақталуына ұйытқы болатын, ұйымдастыратын – сол пәннің олимпиадаға дайындайтын мұғалімі. Сонымен қатар бұл лицейлердің ерекшелігі олимпиадаға қатысатын оқушылармен түрлі іс-шараларды жиі ұйымдастыруы, мотивация беретін арнайы жұмыстар жасауы. Олимпиадаға дайындайтын мұғалімнің аптасына бір күнді арнайы белгілеп, сабақтан тыс уақытты өз шәкірттерімен өткізуінің де маңызы зор.

Сонымен қатар, қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалардың да интеллектуалды-шығармашылық қабілетінің сайысқа түсетінін ұмытпаған жөн. Олимпиада, Сурдолимпиада және Паралимпиада ойындарының қағидалары зияткерлік сайыстарда да қолданылады. Шектеулі қабілеті, баланың мүгедектігі жеке тұлғаның интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетінің көрінуіне шектеу болып табылмайды. Мұндай оқушылар мен студенттер үшін әлеуметтік жұмыс бойынша қашықтықтан, сырттай байқау – олимпиадалары өткізілуі мүмкін. Қашықтықтан өткізілетін олимпиадаларының жүйесі жалпы қабілеті жоғары балаларға өзінің зияткерлік әлеуетін іске асыруға мүмкіндік береді және осындай балалардың жақсы әлеуметтенуіне ықпал етеді [5; 11]. Шығармашылыққа, әлеуметтендіруге баулуда бізге бұл олимпиаданың мүмкіндіктерін қайта қарап, дамыту керек деген ойдамыз. Қоғам алдында тек білімді ғана емес, өзінің дербестігі мен жауапкершілігін сезінетін, қоғамдық сана-сезімі оянған, парасаты мен ар-ожданы биік, іскер, қабілетті, шығармашыл, нарық жағдайында бәсекелестікпен еңбек ете білетін, әрбір жұмыстың пайдалы көзін тауып, өзінің таңдаған мамандығына деген білімділігін, біліктілігін көрсете білетін азамат тәрбиелеу – қазіргі қоғамның талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Есеева О.В., Рыбак Е.В., Цихончик Н.В., Ломоносова М.В. Потенциалы олимпиады в современном социальном образовании, 2012. – 42 с.
- 2 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – СПб.: Питер, 2000. – 346 с. – С. 24.
- 3 Руткевич М.Н., Левашов В.К. О понятии интеллектуального потенциала и способах его измерения // Науковедение. – 2000. – №1. – С. 49-65.
- 4 Бобылева Н.И., Есеева О.В. Олимпиады для школьников – путь к повышению престижа будущих профессий (на примере дисциплины «социальная работа»). – Альма Матер, 2011. – №9. – С. 61-66.

- 5 Жукова Г.С., Воленко О.И. Теоретико-методические основы дистанционного обучения по направлениям социального образования // Ученые записки Российского государственного социального университета. – 2010. – №5. – С. 30-34.

FTAMP 14.01.29

Ж.Қ. Бейсебаева¹

¹С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Андатпа. Мақалада қазіргі білім берудің жаңа технологияларын қолдану мен білімалушылардың тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі сөз болады. Білім беру талаптарының мазмұнының өзгергені және оны орындаудағы педагог қауымының міндеттері де талданады. Қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру маңыздылығы турасында ғалымдар пікірлері мен тұжырымдарына талдау жасалады. Жаңа технологияларға деген заманауи көзқарас негізінде сараптама жүргізілді. Жалпы педагогтардың өз білімін жетілдіруі мен кәсіби маман болудағы өз тәжірибелеріне ендіруге болатын, тиімділігі бар функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әдістеріне шолу жасалды.

Түйін сөздер: функционалды сауаттылық, оқу-үйрену, технология, әрекеттік педагогика, ақпарат.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы использования современных образовательных технологий и формирования личностной компетентности студентов. Изменения в содержании требований к образованию и роли педагогического сообщества в его исполнении также анализируются мнения и выводы ученых о важности формирования функциональной грамотности на уроке казахского языка. Анализ был сделан на основе современного подхода к новым технологиям. Был сделан обзор того, как учителя могут развивать функциональную грамотность, которая может быть интегрирована в их собственный опыт в улучшении их знаний и профессиональных навыков.

Ключевые слова: функциональная грамотность, обучение, технология, педагогика действия, информация.

Abstract. The article deals with the use of modern educational technologies and the formation of students' personal competence. Changes in the content of educational requirements and the role of the pedagogical community in its execution are also analyzed. Analysis of the opinions and conclusions of scientists about the importance of the formation of functional literacy in the Kazakh language class. The analysis was made on the basis of a modern approach to new technologies. A review was made of how teachers can

develop functional literacy, which can be integrated into their own experience in improving their knowledge and skills.

Keywords: functional literacy, learning, technology, action pedagogy, information.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарымқатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек 4 білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Жалпы, «функционалдық сауаттылық» термині өзінің 1957 жылы ЮНЕСКО енізген уақытынан бастап «сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа түскен. Осылардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме беріп тоқталып кету жөн болмақ.

1) Сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары.

2) Минималды сауаттылық дегеніміз – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары.

3) Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі [1]. Бұл деңгейде оқушыда мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәліметті іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттер қалыптасады.

Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. «Функционалдық сауаттылық» ұғымына қатысты мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, пәндік сауаттылық, функционалды сауаттылық, оқытудың түпкі нәтижесі

ретінде оқушылардың игерген құзыреттіліктеріне байланысты ғалымдар, В.В. Давыдов, А.А. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, В.А. Болотов, О.Е. Лебедев, И.А. Зимняя, А.К. Маркова, С.Г. Молчанов, Г.К. Селевко, В.В. Сериков, В.А. Слостенин, А.В. Хуторской, М.Ж. Жадрина, С.Д. Мұқанова, И.И. Бим, Ф.Ш. Оразбаева, Е.И. Пассов, В.Л. Ляховицкий, Н. Сауранбаев, С. Кеңесбаев, С. Жиенбаев, Т. Ахметов, Ф. Бегалиев, А. Айдаров, Ж.Д. Адамбаева, Б.Б. Құлмағамбетова, К.Ы. Сариева, М.М. Артықова, жүргізілген зерттеулерді қарастыра келе, бүгінгі таңда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде «функционалдық сауаттылық» ұғымын қолдануда бірізділік жоқ екені байқалды [2].

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені «функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, мемлекеттік тілді оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны мектеп тәжірибесіне ендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей түседі [3]» – дейді әдебиеттерде.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың 5 әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады деп түйеміз.

Функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

– оқу, жазу сауаттылығынан;

- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан; – математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылықтан;
- денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
- құқықтық сауаттылығынан [1].

Қазіргі кезеңде «функционалдық сауаттылық» ұғымы мағынасы жан-жақты зерттеліп, қоғам дамуын тежеуші сауатсыздықты жою мағынасында ғана емес, ұғымдық мағынасы іс- әрекеттің нәтижесі тұрғысында сауатсыздықты жою механизмдері мен тәсілдерін іздеу мәселесі ретінде де қарастырылады. Қазіргі ақпараттанған жаңа қоғамда функционалдық сауаттылық барлық қоғамдық деңгейлердің әрекет нәтижесінің жетістік түйіні болмақ. Жаңа сипатта «функционалдық сауаттылық» мағыналық тұрғыда кеңейіп, мәдениеттілік атрибуты дәрежесіне дейін көтерілді. Функционалдық сауаттылық ұғымы ғылыми - техникалық талаптар мен әлеуметтік прогресс нәтижесінде пайда болып, мағыналық тұрғыда әмбебап сипатта ғана емес, мәдени – тарихи сипатта да қолданылады. Себебі Кеңестік кезеңнің алғашқы 10 жылдығында азаттың оқи білуі, жаза білуі, арифметикалық төрт амалды білуі қызметтік әрекетті игеріп кетудің негізгі көрсеткіші болды.

Қазіргі кезеңде сауаттылық ұғымының ауқымы кеңейіп, оның көрсеткіштері түрліше сипатталады. И.А. Мещеряков функционалдық сауаттылық - (ағылшын тілінде functional literacy) - дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны дамытуға, жаңа білім алу мен мәдениет жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, жанұялық өмірдегі сәтті үйлесімділік құра білу, өмірлік түрлі жағдаяттарды шеше алу деп анықтама берді [3].

Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын. Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. «Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді [4]» - дейді.

Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие. Жалпы сипаттағы іс әрекет дағдылары мен білімдік құзіреттіліктер негізінде оқу мен жазудағы сауаттылық, жаратылыс ғылымдарындағы

сауаттылық, математикалық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, құқықтық сауаттылық, денсаулық мәселесіндегі сауаттылық қалыптасады. С.И. Ожеговтың сөздігінде «функция» сөзінің мәні «Вызванный функционированием чего-нибудь, зависящий от деятельности, а не от структуры, строения чего-нибудь (книжн.) [3]» – деп анықталса, Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалдық ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады [4]» – деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» ұғымы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы, техникалық құрал-жабдықтарды алар болсақ (компьютер, сканер, принтер, т.б.), олардың өз функциялары бар. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Кез келген маманның атқаратын белгілі бір функциясы немесе қызметі болады, ол соның дұрыс атқарылуына жауап береді. Айталық, мектеп директорының, оқу ісі немесе тәрбие жөніндегі орынбасарларының әрқайсысының өз функциясы бар және әрқайсысы өз бағыты бойынша жауап береді.

Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Яғни, сауатты деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады. Ал «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады. Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі. «Функционалдық сауаттылық – тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі [5]» - дейді Н.Ә. Назарбаев Университетіндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың интерактивті дәрісінде.

Қазіргі таңда функционалдық сауаттылық ұғымы білім кеңістігіндегі білімді құзыреттілікке бағыттау парадигмасына байланысты туындап отыр. Қазіргідей пәндік білімге ғана негізделіп отырған оқу үдерісінде баланың жалпы дүниетанымының қалыптасуы, өміртанымдық дағдыларының жетілдірілуі, білімнің күтілетін нәтижеге бағытталуы қоғамдық-гуманитарлық пәндердің жаңарған мақсат-міндеттерінен бастап

оқытудың әдістемелік жүйесінің әр бөлігінің (білім мазмұны, оқыту түрлері, оқыту әдістері, білім нәтижелері) түбегейлі өзгертілу деңгейіне қатысты екені сөзсіз. Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай жетілдіру білім беру жүйесін өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай құруды қажет етеді. Осыған орай мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, бастауыш мектепті бітіруші түлектерді үлкен өмірге 18 дайындау қажеттігі туындайды [6]. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қалыптасатын құзыреттіліктер алынады.

Білім берудің нәтижесі ретіндегі құзыреттілікті ғалымдар (А. Хуторской, М.Ж. Жадрина, Н.Н. Нұрахметов, Ж.Т. Дәулетбекова) белгілі бір пәнге қатысты оқушының игерген іс-әрекет тәсілдерінің жиынтығы ретінде анықтады. Сондықтан қазіргі кезеңде Қазақстандағы білім беруде жаңа нәтижеге жетудің басым бағыттарының бірі ретінде білімділік бағыттан оқушылардың бойында құзыреттерді қалыптастыру бағытына өту мәселесі қарастырылуда. Құзыреттілік бағыт – межелеген мақсаттарға жету үшін оқушының ішкі (білім, білік, дағды, құндылық, психологиялық ерекшеліктер және т.б.) және сыртқы (ақпараттық, адами, материалдық және т.б.) ресурстарды тиімді ұйымдастырудағы дайындығының қалыптасуын көздейді. Мектепте берілетін білім, ендігі жерде, негізгі мақсатқа жетудің құралы болуы керек деп тұжырымдалды. Дәстүрлі мектепте білім баланың білімді болуы үшін ғана беріліп, сол берілген білімнің болашақта бала өміріне қаншалықты қажет екендігі қарастырылмады. Педагогикалық мақсат нәтижесінде бала түсініктерді, мәліметтерді, ережелерді, заңдылықтарды, біліктіліктерді және т.б. меңгеруі тиіс, ал мұғалім сол білімді меңгертуі тиіс болды. Егер оқу нәтижесі құзыреттілік деп анықталса, онда пәнді меңгертуден күтілетін нәтижелер оқушының өмірлік дағдыларымен сабақтастырылуы қажет болып саналады. Сонымен, функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Сонда, функционалдық сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: *адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі.*

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012

- жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002012/links>.
- 2 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы). URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832>.
 - 3 Словарь русского языка. – М.: Русский язык. 1998 г. – 46 с.
 - 4 Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том. – 17 б.
 - 5 2012 жылғы 5 қыркүйекте Назарбаев Университетіндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың интерактивті дәрісі. URL: https://www.inform.kz/kz/shugyl-nazarbaev-universitetinde-prezidenttin-interaktivti-darisi-otedi-zhane-bilim-telearnasy-iske-kosylady_a2491541.
 - 6 Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» («Егемен Қазақстан»), 2012 ж. 10 шілде мақаласы. URL: https://www.inform.kz/kz/nursultan-nazarbaev-kazakstannyn-aleumettik-zhangyrtyluy-zhalpyga-ortak-enbek-kogamyna-karay-20-kadam_a2478341.

FTAMP 14.01.29

М. Жолшаева¹, А. Жолдаякова²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

СӨЗЖАСАМ КУРСЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа. Мақалада сөзжасам курсы негізінде алған білімді бағалауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, соның ішінде әлемдік тәжірибеде білім сапасын бағалау үшін қолданылатын Plickers, Grade sam, Pro Profs Quiz Maker бағдарламаларын пайдалану және оның артықшылары мен тиімділігі туралы қарастырылған. Бұл бағдарламалардың сабақта, аралық, қорытынды бақылауда қолданылуы қамтылған. Білім нәтижесін бағалау, оны тексеру біраз уақытты алатыны белгілі. Сондықтан уақытты үнемдеудің бір түрі ретінде қолданылатын бағдарламаның ерекшеліктері айтылады. Білім нәтижесін бағалауда әртүрлі әдіс-тәсілдермен қатар компьютерлік қосымшалар арқылы тапсырмаларды түрлендіріп қолдану, сол арқылы білім көрсеткішін арттыру, студент бойында көру арқылы есте сақтау қабілетін жақсартуға болатындығы, сондай-ақ әлемдік тәжірибеде қолданылатын компьютерлік бағдарламаларды онлайн тестілеу жүйесінде қолдану жайы талданады. Сөзжасамнан алған білімді бағалауда бағдарламаның әрқайсысына жеке құрастырылған тест үлгілері берілген.

Түйін сөздер: сөзжасам, ақпараттық технология, компьютерлік бағдарлама, бағалау, қызығушылықты ояту, онлайн тестілеу, Plickers, Grade sam, Pro Profs Quiz Maker бағдарламалары.

Аннотация. В статье рассматривается использование информационно-коммуникационных технологий в оценке знаний, полученных на основе курса словообразования, в том числе программ Plickers, Grade sam, Pro Profs Quiz Maker, используемых для оценки качества образования в мировой практике, и их преимущества и эффективность. Эти программы включают использование на занятиях, промежуточном, итоговом контроле. Известно, что оценка результата образования, его проверка займет некоторое время. Поэтому в качестве одной из форм экономии времени рассматриваются особенности программы, используемой в качестве одной из форм экономии времени. Анализируется использование разнообразных методов и методов оценки результатов образования, в том числе с использованием компьютерных приложений, с помощью которых можно повысить показатели знаний,

улучшить память у студентов через зрение, а также использовать компьютерные программы, применяемые в мировой практике, в системе онлайн тестирования. При оценке знаний, полученных из словообразования, каждому из программ представлены образцы тестов, составленные в отдельности.

Ключевые слова: словообразование, информационные технологии, компьютерная программа, оценка, пробуждение интереса, онлайн тестирование, Plickers, Grade cam, Pro Profs Quiz Maker.

Abstract. The article discusses the use of information and communication technologies in assessing the knowledge obtained from the course of word formation, including Plickers, Grade cam, Pro Profs Quiz Maker programs used to assess the quality of education in the practice, and their advantages and effectiveness. These programs include use in classes for many exams, and final control. It is known that the evaluation of the result of education, its verification will take some time. Therefore, the features of the program used as a form of time saving are considered as one of the forms of time saving. The article analyzes the use of various methods and methods for evaluating educational results, including the use of computer applications that can improve knowledge indicators, improve students' memory through vision, and use computer programs used in world practice in the online testing system. When evaluating the knowledge obtained from word formation, each of the programs is presented with test samples compiled separately.

Keywords: word formation, information technology, computer program, evaluation, arousing interest, online testing, Plickers, Grade cam, Pro Profs Quiz Maker.

XXI ғасыр – жаңашылдықтың заманы. Әсіресе, білім беру саласында бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу үшін оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, озық технологияларын, инновациялық педагогикалық технологияларды игеру маңызды. Оқытудың жаңа технологиясының қалыптасуында ақпараттық технологияның қарқынды дамуының рөлі ерекше. Қазіргі заман ақпараттық технологиялар уақыты. Осыған байланысты білім беру саласында басымдық ақпараттық технологияларды пайдалануға беріледі. Бұл туралы өзінің баяндама сөзінде Н.Ә.Назарбаев та айтып өткен: «Адамзат үшін XXI ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында».

Айта кетелік, жаңаша технологияның түрлері көп. Соның ішінде сапалы білім беруде, танымдық қызығушылықты арттыруда компьютерлік-ақпараттық технологиямен атқарылатын жұмыс жүйелері

өте тиімді болып саналады. Себебі компьютерлік бағдарламалар арқылы жұмыс жүргізілгенде, біріншіден, білім алушының қызығушылығы артады, екіншіден, студент пен оқытушының уақыты үнемделеді, үшіншіден, білім сапасы қағаз түріндегі жұмысқа қарағанда артады.

Ақпараттық технологияларды қолданудың артықшылығы ретінде Мошқалов Алтынбек ғылыми зерттеу жұмысында төмендегідей артықшылықтарды көрсетеді:

- Оқу түрткісінің кемшіліктері себеп болатын пәндік қиындықтар ығыса түседі;
- Компьютер қолданылатын сабақтарға студенттер көбірек қызығып, олармен жұмыс жүргізу барысында өздерін ыңғайлы сезінеді;
- Студенттердің арасындағы, студенттер мен компьютер арасындағы қатынастың сипаты өзгереді;
- Топтың ауызбірлігі артады;
- Өзін және өзгелерді сыйлаумен қатар сыншыл көзқарас қалыптасады;
- Компьютердің мүмкіндіктерін дұрыс бағалай алатындай қабілеті артады;
- Ғаламторда жұмыс істеу барысында студент бойында ең басты әлеуметтік дағдылар – әдептілік, жауапкершілік, өзге адамдардың ұстанымын ескере отырып, өзінің мінез-құлқына ие болу қалыптасады [1, 51 б.].

Адам ойының, ойлауының биік өресін ғылым мен техника дамуының деңгейі арқылы көруге болады. Себебі техниканың әртүрлі озық түрлерін пайдалана отырып адам өз мүмкіндіктерін жан-жақты аша алады, оны қолдана отырып дамытады. Әлемдік деңгейдегі мүмкіндіктерге қол жеткізіп, сыни ойлау қабілеті де артады.

Қазақ тілінен компьютер арқылы тілдік білім алу үшін ақпараттық технологияның мүмкіндіктерін оқыту үдерісінде қолдануда да арттыруға болады. Мысалы, көру арқылы есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында жаттығулар мен тапсырмалардың санын көбейтіп, түрлерін түрлендіруде, әдіс-тәсіл түрлерін компьютерлік қосымшалар көмегімен студент қызығатындай етіп пайдалануда, тіпті, бағалау мен тексеруді әр түрлі формада өткізуде цифрлық технологияны пайдалана білу – өте маңызды.

Білім сапасын көтерудің үлкен көрсеткіші – бағалау. Бағалаудың барлығымызға бергілі екі түрін көрсетуге болады: білім алушыны бағалау және білім алушының өзін-өзі бағалауы [2, 9]. Бағалаудың аталған бұл түрлерін заманауи бағдарламалар арқылы ұйымдастыруға болады және оның өзіндік артықшықтары бар.

Жалпы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың басым бөлігін компьютерлік оқыту бағдарламалары құрайды. Мысалы, әлемдік тәжірибеде оқыту мен білімді бағалауда қолданылатын бағдарламалар:

Plickers, Grade cam, Quizlet, Kahoot, ProProfs Quiz Maker т.б. Біз мақалада Plickers, Grade cam, ProProfs Quiz Maker қосымшаларын сөзжасам сабағында қолдану мәселесіне тоқталамыз. Бұл бағдарламалардың артықшылықтары көп. Артықшылығы – бағалауды ұйымдастырудағы онлайн тестілеу жүйесі. Жалпы онлайн оқыту білім саласын жоғары деңгейге көтерді. LMS бағдарламалық жасақтамасы пайда болғаннан бері онлайн оқыту, одан кейін онлайн бағалау дәуірі басталды десек те болады. Training Maker және Exam builder сияқты LMS бағдарламалық жасақтамасы білім беру саласында өз орнын жаулап алғандығының арқасында әлдеқайда ыңғайлы болды.

Research және Markets өзінің «Глобальный анализ и тенденции рынка электронного обучения - прогноз отрасли до 2027 года» атты есебінде 2017 жылдан 2027 жылға дейінгі кезеңде электронды білім берудің тұрақты түрде өсетінін атап өтеді. Одан кейінгі есептеу бойынша 2025 жылға қарай электронды білім беру нарығы 325 млрд долларға дейін өсетіндігі туралы айтылған [3]. Бұл келтірілген мәліметтерден қазіргі заманда білім беру мен ақпараттық технологиялардың қаншалықты бір-бірімен тығыз байланысты екенін аңғаруға болады, яғни жоғары оқу орындарында сөзжасам курсы бойынша студенттердің білімін бағалауда онлайн бағаның да өте қажетті әрі тиімді болатынын байқаймыз.

Жоғарыда келтірілген сандардан білім беру мен өзге де салалардың онлайн оқыту мен бағалаудың моделіне тікелей қатысының маңыздылығын атап айтуға болады.


Сөзжасамнан алған білімді тексеру мақсатында ағымдық немесе аралық бақылауда, қорытынды емтиханда Plickers компьютерлік бағдарламасының тиімділігін айтуға болады.

Plickers – статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдетіп, білім алушылардың жауабын лезде бағалап беретін қосымша. Бағдарлама өте қарапайым технологиямен жасалған. Қолдану барысында қиындық туғызбайды. Негізгі құрылымдары: мобильді қосымша, QR-код. Бұл – студенттермен кері байланыс жасауда онлайн тестілеу жүйесі бағдарламасының бір түрі. Plickers-тің тиімділігі сонда – ол оқу үрдісін өзгертпейді. Тек студенттерді қызықтыратын бағалаудың өзгеше тәсілі ретінде ғана қолданылады. Бұл қосымшаны қолдану үшін компьютерлік сынып немесе басқа да техника қажет емес, тек қана мұғалімнің ұялы телефоны қажет. Сонымен қатар, студенттердің өзіне де қызықты, себебі сабақта бір жағынан білімді тексеру жүргізілсе, екінші жағынан жақсы көрсеткішке жету үшін өзара бәсекелестік пайда болады.



Кесте 1. Plickers қосымшасы

Бұл бағдарламаның ерекшелігі – мұнда QR-кодтардың қолданылуы. Біз кез келген жарнамалардағы QR-кодтарды қосымша ақпарат алу үшін арнайы бір сайтқа сілтеме жасайтынын білеміз. Алайда бұл QR-кодтардың жалғыз қолданысы ғана емес. Бұны Plickers қосымшасының бір элементі ретінде де көре аламыз. Сабақ барысында оқытушының ұялы телефоны студенттердің карточкаларындағы QR-кодтарды оқу үшін пайдаланылады. Студенттерге сабақ үстінде телефонды пайдалану маңызды емес, әр студентте жеке карточка болады, яғни оқытушы алдын-ала QR-коды бар қағаздарды таратып береді. Төменде QR-кодтары бар карточкалардың үлгілері келтірілген:



Кесте 2. Дұрыс жауап нұсқасын көрсететін QR-кодтары
Сөзжасамнан мынадай үлгідегі сұрақтар берілуі мүмкін:

1. Құранды жұрнақтарды көрсет:

- A) -ған, -ген, -қан, -кен;
- B) -ар, -ер, -р;
- C) -ғай;
- D) -лат, -лас.

2. -ла, -ле қандай жұрнақ?

- A) негіз сөздегі сындық белгіні қимылға айналдыратын жұрнақ;
- B) қимылға субъектілік, объектілік мән қосатын жұрнақтар;
- C) негіз сөздегі заттық белгіні сындық белгіге айналдыратын жұрнақ;
- D) тек түбір етістіктерге жалғанатын жұрнақ [4, 140].

3. Сан есімнің сөзжасам жүйесінде қанша тәсіл қызмет атқарады?

A) төрт тәсіл;

B) бес тәсіл;


C) екі тәсіл;

D) бір тәсіл [5, 149].

Жоғарыда көрсетілген үлгі бойынша сұрақтар беріледі. Студенттер дұрыс жауаптарын таңдап карточкалар арқылы көрсетеді. Карточканың төрт қабырғасы жауаптың А, В, С, D деген төрт нұсқасын білдіреді, оларды оқытушы телефонына бағыттап көрсету арқылы студент сұраққа жауап береді. Бағдарлама жауаптарды сканерлеп, нәтижесін лезде көрсетеді. Алдын-ала бағдарламаға аудитория, студенттер тізімі енгізіледі, осы арқылы әр студенттің сұраққа қалай жауап бергенін білуге болады, яғни интербелсенді тақтада тізімі бар диаграмма көрсетіледі. Бұл бағдарламаның тиімділігі сол – біріншіден, әрбір студент өзінің білім деңгейін диаграммада көрсетілген дұрыс жауаптары арқылы лезде көре алады, екіншіден оқытушы студенттердің тест жауаптарын жеке-жеке тексеріп отыратын уақытын үнемдейді.

Келесі білім алушының білімін бағалауға арналған компьютерлік бағдарламаның бірі – Gradecam. Бұл бағдарламаны «ұстаздың көмекшісі» десе де болады. Әсіресе, сөзжасамнан қорытынды бақылау емтиханында оқытушының уақытын үнемдеуге көмектесетін бағдарлама. Бұл қосымшамен жұмыс істеу үшін ең алдымен <https://insight.gradecam.com> сайтына ақылы түрде тіркелу қажет. Сыныпты немесе аудиторияны енгізіп, студенттің жеке нөмірін тіркеу керек. Содан кейін қажетті сұрақтар енгізіледі. Емтиханда саны өте көп студенттің жауаптарын тексеру өте көп уақытты талап етеді. Grade cam қосымшасының қызметі арқылы, яғни сканерлеу функциясының көмегімен дұрыс жауаптарды лезде анықтауға мүмкіндік туады. Мысалы, студенттерге жыл бойы өтілген тақырыптар бойынша сұрақтар беріледі. Олар таратылып берілген бағалау парақшасындағы дөңгелектерді бояу арқылы жауап береді. Жауап парақтарын телефонның немесе компьютердің экранына бағыттайды. Ондағы тексеру қызметі сұрақтың дұрыс нұсқаларын лезде анықтап береді. Негізінен бұл қосымша жылдан-жылға үнемі дамып отырады. Соңғы жаңалығы – білім алушылардың өздері жеке жұмыстарын компьютер арқылы тексеруі, яғни әр студент өзін-өзі бағалайды, уақытты үнемдейді.

Кестеде Gradecam бағдарламасының бағалау парақшаларының үлгілері келтірілген.



Кесте 3. Бағалау парақшалары

Емтиханда мынадай мысалдар беруге болады:

1. *Сөзжасамның зерттеу нысандары*

- A) негіз сөз, туынды сөз, сөзжасамдық тізбек
- B) жалғау, туынды сөз
- C) септік жалғаулары сөзжасамдық тізбек, қысқарған сөздер
- D) сөздік құрам, сөзжасамдық жұп
- E) метафора, буын түрлері, сөзжасамдық саты

2. *Құранды етістік жасауға көмектесетін көмекші етістікті көрсет*

- A) қара
- B) бол
- C) жазда
- D) оқи-оқи
- E) үміттен

3. *Бір сөзжасамдық ұядағы туындыларды көрсет*

- A) кірлеу, кіршік, кіргіз
- B) жандыр, жанық, жаным
- C) сана, санау, сандал
- D) желмая, желім, желпуіш
- E) көшір, көшкін, көшіргіш [5, 150;151].

Студенттер осы үлгідегі сұрақтардың бір немесе бірнеше дұрыс жауабын белгілеу арқылы жауап береді. Сканерлеуді оқытушы немесе әр студент өзі тексеруге болады. Бұл бағдарламаның бірден-бір артықшылығы ретінде сканерлеуді, сканерлеу арқылы уақыт үнемдеуді айта аламыз. Дұрыс жауабын сканерлеп болған соң көруге болады.

Сабақ барысында, аралық бақылауда, қорытынды емтиханда бағалауға арналған әртүрлі тест үлгілерін қолдануға болатын бағдарламаның бірі – ProProfs Quiz Maker. ProProfs Quiz Maker-де жеңілдетілген викториналар, тесттер немесе сауалнамалар жасалады. Қызмет ағылшын тілінде болады, кейбір мүмкіндіктер кириллица алфавитін қабылдайды. Тіркелу қажет. Тіркелген соң білімді бағалау үшін

эртүрлі тапсырмалар дайындауға болады. Бұл бағдарламаның басқа тест дайындауға арналған қосымшаларға қарағанда мүмкіндіктері өте көп және әр студенттің деңгейіне қарай бағалауды ұйымдастыруға болады. *Maker Online емтиханын қолданудың артықшылықтарын қарастыратын болсақ:*


1) Емтихан сұрақтарын құру кезінде оқытушының шығыны үнемделеді, себебі, мұнда қағаз түрінде жүргізілетін емтихандармен салыстырғанда сұрақтар жазылған қағаздар және жауап парақшалары болмайды. Оның үстіне емтиханға арналған бағдарламалық қамтамасыз студі орнатуды қажет етпейді.

2) Веб-сайтқа кіріп, тіркеліп жоспар таңдауға немесе 15 күндік тегін сынақ нұсқасына жазылуға да болады.


а) Жасалу жолы қарапайым әрі оңай. Онлайн емтихан бағдарламалық жасақтамасы емтихандарды құруды жеңілдетеді. Себебі емтихандарды шаблондар мен сұрақ банкінің көмегімен бірнеше минут ішінде жасауға болады. ProProfs-те 100-ден астам тест үлгілері бар, оларды онлайн емтиханды құру үшін пайдалануға болады. Сол шаблондардың біреуін таңдауға мүмкіндік бар немесе емтиханды басынан бастап ойдағыдай жасауға болады. Негізінен, сұрақтар дайындау емтиханды құрудың ең қиын бөлігі десек те болады, бірақ ProProfs сияқты бағдарламалық жасақтама оны жеңілдетеді. Ол эртүрлі тақырыптар бойынша 1 000 000-нан астам дайын сұрақтардан тұратын кітапхананы ұсынады. Бағдарламада жай ғана кітапханаға барып, пайда болған мыңдаған сұрақтар тізімінен қажеттісін таңдауға болады. Ең маңыздысы, тест жасаудың қалаған үлгісін таңдап алуға болады. Мысалы, бір жауапты тест, бірнеше жауапты тест, шын/жалған тесті, ашық сұрақ, жабық сұрақ, сәйкестендіру тесті, бос орынды толтыру, шығармашылыққа арналған тест, т.б. Осы келтірілген тест үлгілеріне жасалған сұрақтар төмендегідей:

The screenshot shows the ProProfs Quiz Maker interface. At the top, there is a search bar with "Search 100000+ questions" and a magnifying glass icon. Below it, a "Questions" dropdown menu is open, showing various question types: Multiple Choice, Checkbox, True/False, Fill in the blank, Essay, Matching, Hotspot, and Dropdown. There are also "Popular Settings" and "Popular Themes" sections. On the right side, there is a section titled "Сөзжасамдық төсілдер" (Word formation tasks) with a sub-header "Сөзжасамның аналитикалық төсілі арқылы жасалған сөздерге мысалдар келтір" (Examples of words formed using analytical word formation). Below this, there is a text input field and a list of two tasks: 1. Сөзжасамның аналитикалық төсілі арқылы жасалған сөздерге мысалдар келтір (Examples of words formed using analytical word formation) and 2. Сөзжасам туынды сөздерді зерттейді (Study the derivative words of word formation). Under task 2, there are two radio button options: "Правда" (True) and "Ложь" (False).

Сурет 1. Сөзжасамға қатысты ашық тест пен шындық/жалған мәсті



Сурет 2. Бірнеше жауапты және сәйкестендіру мәсті



Сейкестендір

Choice	Match
аналитикалық тәсіл	ардагер, көрермен
синтетикалық тәсіл	бүлдірген, ағарған
лексика-семантикалық тәсі.	Темірқазық, тақ-тұқ

Add New

Сурет 3. Сәйкестендіру және бос орынды толтыру

Осы үлгідегі жеңіл әрі күрделі сұрақтарды бағдарламада қолданылатын әр түрлі тест арқылы түрлендіріп беруге болады. Сұрақтардың жауаптарын әр түріне сәйкес белгілеу арқылы студент ұпай жинайды. Білімі жинаған ұпайлары арқылы бағаланады.

3. Уақыт пен күш-жігер үнемделеді. Онлайн емтихан бағдарламасының ең үлкен артықшылығы – бұл уақыт пен күш-жігерді үнемдейді. Автоматты бағалау, жедел кері байланыс сияқты мүмкіндіктер уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді:

А) Автоматты бағалау. Қағаздағы тест сұрақтарын қолмен бағалауға кететін уақытты азайту үшін сұрақтарды енгізе отырып дұрыс жауаптарды әр түрлі формада, бағалауды алдын-ала дайындап қоюға болады.

Ә) Жедел кері байланыс. Студенттерге сұраққа жауап бергеннен кейін бірден кері байланыс орнатуға мүмкіндік бар. Дұрыс жауапқа арналған түсініктеме немесе ескерту түрінде жедел кері байланыс орнатуға болады.

4. Қашықтан қол жеткізу. Құрылған онлайн емтихандар кез келген уақытта, жерде және кез келген құрылғыда, мысалы, ноутбуктерде, ұялы телефондарда немесе планшеттерде қол жетімді болады. Үй жұмысын электронды пошта арқылы жіберіп отыруға болады.

Қорытындылай келе, білім алушылардың әрқайсысының сапалы білім алуына жағдай жасауда АКТ қолданудың маңызы зор. Мәселен, сөзжасамнан алған білімді бағалауда әртүрлі әдіс-тәсілдермен қатар ақпараттық технологияларды да күнделікті сабаққа кіріктіре отырып, сабақты мазмұны мен құрылымы жағынан түрлендіруге болады. Бұл студенттердің көру арқылы есте сақтау қабілетін дамытуға, берілген уақыт ішінде тест сұрақтарына лезде жауап беруге дағдылануы арқылы өмірде де тез шешім қабылдай алатын тұлға болып қалыптасуында үлкен кешен болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Мошқалов А.Қ. Студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде өзін-өзі шығармашылықпен дамытуы: филос. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2013. – 145 б.
- 2 Ұлы дала тұлғалары: Жұбановтар тағылымы және жазу реформасы / Халықаралық ғылыми теориялық конференция материалдары. Алматы, 2019. – 296 б.
- 3 Smarter Employees & Happier Customers. URL: www.proprofs.com
- 4 Қасым Б. Қазақ тілінің сөзжасамы: жаттығулар және тапсырмалар. – Қарағанды: Medet Group, 2016. – 228 б.
- 5 Мұхамеди Қ.Т. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Print Word, 2017. – 160 б.
- 6 Formative assessment has never been faster. URL: www.plickers.com.
- 7 GradeCam fits perfectly into each unique classroom, school and district. URL: www.gradecam.com.

FTAMP 14.07.01

Б.Д. Керімбекова¹, А.Ж. Ибрагимов²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

АЙТЫС АРҚЫЛЫ ЖАС БУЫННЫҢ ТӘРБИЕСІНЕ ЫҚПАЛ ЖАСАУ

Аңдатпа. Мақалада қазіргі айтыс өнерінің тәрбиелік мәні қозғалады. Айтысты жастарға оқытудың тиімділігі және ұлттық өнердің дәріптелеуі сөз болды. Айтыс туралы ғалымдардың тұжырымдарына талдау жасалды. Ақындардың қоғамдағы рөлі, олардың шығармашылығының маңызы қарастырылды.

Түйін сөздер: айтыс, оқу-үйрену, тәлім-тәрбие, ұлттық өнер, педагогика.

Аннотация. В статье рассматривается воспитательная ценность современного искусства айтыс. Обсуждалась эффективность обучения молодежи и популяризация национального искусства. Были проанализированы выводы учёных об айтысе. Были рассмотрены роль поэтов в обществе и важность их творчества.

Ключевые слова: айтыс, обучение, воспитание, национальное искусство, педагогика.

Abstract. The article consider educational value of modern art aitys. Was discussed the effectiveness, of training the young people and popularization of national art. There analyzed conclusions of scientists about aitys. Were reviewed the role of poets in society and importance of their creation.

Keywords: aitys, teaching education, upbringing, national art, pedagogy.

XXI ғасырдағы күллі адамзат баласының басты мәселесінің бірі – рухани болмыстың кемелділігін сақтап қалу. Адам баласы болып туған соң, ізгілікті, қайырымдылықты өз бойынан жоймауы керек. Әлемдік бейбітшіліктің орнауында бұл асыл қасиеттердің рөлі үлкен. Жас буынның тәрбиесі-бір рудың, бір ұлттың, бір мемлекеттің ғана емес, барша жер бетіндегі тіршілік иесінің болашағына өз әсерін тигізеді. Демек, баланы тәрбиелей отырып осындай үлкен жауапкершілікті сезіну - әрбір ата-ананың, әрбір мұғалімнің міндеті.

Жаһандануға жұтылып кетпеу үшін салт-дәстүріміз, ұлттық өнерлерімізді жандандыру керек екені түсінікті. Ерте дәуірлерден-ақ өмір

көрген әжелеріміз бесікте жатқан баласына «бесік жырын» айтып, «қара өлеңнің» қасиетін қанына сіңірсе, тілі шыққан бүлдіршінге «жаңылпаш» айтқызып тілін ширатып, «жарапазан» айтқызу арқылы ел алдында қысылмай сөйлеуге үйреткен. Осы дәстүрді жалғап, «айтысты» және «шешендік өнерді» насихаттауды мектеп жасындағы балаларға үйрету оңтайлы әрі құптарлық іс болары екені белгілі.

Айтыс өнерінің ең басты ерекшелігінің бірі-дидактикалық сарынның молынан көрініс табуы. Өлең жолдары арқылы берілген ақыл-өсиет, қара сөзбен айтқан ақылға қарағанда адамның есінде жатталып қалуы оңай. Құрғақ ақылды тыңдай берген адам жалығуы мүмкін, айтысты көріп отырған көрермен жалықпайды. Себебі, ол жерде өлеңнің құдіреті бар. Айтыста дидактикалық сарынмен қатар юмор мен сарказм да бар. Бұлардың бәрі тыңдарманды сергітіп отыру үшін ұтымды құрал болмақ.

Айтысты оқытудың алғышарттарын айтпас бұрын бұған дейінгі мектеп оқулықтарынан айтыстың қаншалықты өз орынын алғанына тоқталғанды жөн көрдік.

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған «Музыка» оқулығының I тоқсаны айтысты өнері туралы тақырыппен басталған. Мұнда айтыс жайлы жалпы түсінік пен өлең құрау жайында әдістер көрсетіліп: «Қайым айтыс – өлең шумағының бірінші және екінші жолдарын бұлжытпай қайталап айту арқылы құрылатын айтыс түрі» [1, 5-б], – екенін түсіндіріп, «қайым айтыстың» үлгісін былай көрсетеді:

Жігіт:

*Атыңды шешең сүйіп қойған Еркін,
Той болса түзетесің кәмшат бөркің.
Бұлаңдап ұжмақтың хор қызындай,
Бітпеген еш пендеге сенің көркің.*

Қыздың жауабы:

*Атымды шешем сүйіп қойған Еркін,
Той болса түзетемін кәмшат бөркім.*

Келе сап сипатымды баяндадың,

Есінді аударды ма менің көркім?! [1, 5-б], – дейді.

Ақындық қабілеті оянып, аз да болса өлең құрастыруды білетін оқушыға бұл жақсы үлгі болары анық. Мысалға келтірілген шумақтың басындағы екі жол «дайын» өлең жолы. Жауап беруші адам сол «дайын» өлең жолының екі жолын өзіне сәл бейімдеп, үшінші және төртінші жолдарын өз жанынан шығарады. Тыңдаушыға оңай көрінгенімен «*бірінші ақынның*» ойымен құрылған сөзге «*жауап беруші*» де ұйқас тауып айтуы тиіс. Сөзімізге жоғарыда келтірілген «Еркін», «бөркім», «көркім» деп ұйқасуы дәлел бола алады.

Мектеп оқушыларына айтыскер ақындарға тән қасиеттерді төмендегіше топтастырып өткен.

Айтыскер ақынға тән қасиеттер:

1. Парасат, білім.
2. Сөзге тоқтау
3. Намыс, жігер, қызу шабыт.
4. Талант, арқа.
5. Тапқырлық, ұтымды ой, қолма-қол суырыпсалұшылық.

Жоғарыда көрсетілген айтыскер ақынға тән қасиеттерді атап өттік. Енді айтыскердің негізгі айырмашылығына тоқталып көрейік. Осы орайда Жуматай Таубалдиева «Айтыс өнерінің тәрбиелік маңызы» атты ғылыми мақаласында өз пікірін білдіріп өткен.

Мектеп қабырғасындағы балаларды айтысқа үйретпес бұрын, оларды айтыс өнеріне қалай қызықтыру керек деген сұраққа жауап іздеп көрген дұрыс. Бір баланың бойында табиғи ақындық болса, екінші баланың бойында оқи келе өнер пайда болады. Демек, ауыз әдебиетіне қызығушылық кейбір балада табиғи болса, кейбір қызығушылығы төмен оқушының да шешендік өнерге деген ынтасын оятуға болады. Оқушыларды айтысқа қызықтырудағы мақсат олардың барлығынан айтыскер ақын тәрбиелеп шығару емес. Сыныптағы жиырмаға жуық баланың үш-төртеуі ғана шынайы айтыскер болып қалыптасуы мүмкін. Қалған балалар шешендік сөздің құдіретін түсініп, сол өнерді күнделікті өмірде пайдалана алатын болып жетілсе осының өзі үлкен жетістік болмақ. Айтысты оқытуды бастағанда әдеттегідей алдымен, оқушылардың айтыс туралы түсінігін тексеріп, сонымен қатар мұғалім оқушылардың айтыс туралы білмеген ақпараттарымен таныстырудан бастауы заңдылық.

Қазақтың айтыс өнері ат жарысымен, балуандар күресімен пар-пар ақындар айтысы да жарыс. Бірақ бұл-өнер жарысы, сөз сайысы. [2, 21б] Мұхтар Әуезов айтысқа осылай өз бағасын берсе, қазақ тұрмысының жағдайында, жазба әдебиет тумаған кезде ақынға ақын деген атақ әперетін ең басты поэзия айтыс болған деп жазады С.Мұқанов.[3, 31-б]. Бұл пікірлер оқушыларға айтыстың қандай өнер екенін түсіндіруде негізгі тұжырымдар болмақ.

Бүгінгі күндегі заманауи технологиялармен әуестенген баланы ертедегі айтыс жанрларын айтып таныстыру арқылы қызықтыру оңай болмасы анық. Айтыс туралы алғаш рет ақпарат алып отырған бала Біржан мен Сараның, Майлықожа мен Құлыншақтың, Сүйінбай мен Қатағанның айтысының мәнін ұғып, қызығып кетуі екіталай. Осы орайда бізге осы күнгі айтыстарды пайдалану тиімді.

Рүстем:

Шарқ ұрып шіркін көңіл құс та болған,
Талпынып сақта құдай ұшпағаннан.
Тарихтың тереңінен сыр тартайын,
Болған соң сөз тізгінін ұстаған жан.
Жаяу жүрген заманда жердің жүзі,

Бұл дала дәуірлеген тұста болған.
Менің бабам алғаш рет ауыздықтап,
Жабайы түз жылқысын ұстап алған.
Жарты әлемді жаулаған сол жылқымен,
Жауынан да сескенбей, сұс қамалдан.
Қазысын жеп,қымызын ішкеннен соң,
Бойына бітпес қуат, күш, нәр алған.
Айтқан ғой ат жалында жүрген бабам,
Қамшының сабындай деп қысқа жалған.
Өркениет жоқ кезде өзгелерде,
Біздерде алтын, күміс, мыс та болған.
Теміріңді балқытып тұлпарына,
Үзеңгі соққан алғаш ұста қолдан.
Ғаламның ғылымының дамуына,
Бабамның үзеңгісі нұсқа болған.
Солардың ұрпақтары сіздерсіздер,
Жылқы мінез қиқуға құштар әр жан.
Армысың, жыр бәйгеге жиналған ел,
Табиғаты тұлпарға ұқсағаннан [4].

Рүстем Қайыртайұлының бұл шумақтары жастарды отансүйгіштікке, ерлікке шақырумен қатар тарихи білімін де арттырары белгілі. Яғни біз айтыс арқылы мол тәрбиемен қатар тарихи мағлұматтарды да оқушылардың санасына тоқи аламыз.

Біздің тақырыпқа сай К. Досанованың «Айтыс және имандылық» атты ғылыми мақаласында халық, ақынның елдің көкейінде жүрген мәселелерді жыр түйдегімен жеткізгенін қалайды. Ел құлағына шалынып жүрген мәселелерді тіл шанышқысымен шаншып, кездігімен кескенді, ақиқатын айтқанын тілейді. Ар-иманы биік, сана-түйсігі жоғары ақын азаматтар әрдайым қоғамдағы жайттарды елеусіз қалдырмайды [5] деп ойын білдіреді.

Үлкенді сыйлау, олардың алдын орап сөйлемеу, аталардың жолын кеспеу секілді асыл қасиеттеріміз ұрпақтан-ұрпаққа жетуі тиіс. Халқымыздан мұра боп қалған мақал- мәтелдер үлкендерді ардақтауға шақырады. Бүгінгі күнде айтыскер ақындар осы мәселені жеткілікті дәрежеде қозғап жүр.

Айтбай:

Асқар тау азамат боп жарытпайды,
Ата-ананы құрметтеп көрмегендер.
Тәңірдің рахымынан құр қалады,
Ананың атын атап «сен» дегендер.
Қайтқанда жылқы сойып сабылмасын,
Тіріде тауық сойып бермегендер.

Тіріде назар салып жүрмеген соң,
Өлгенде мазар салып терлемендер.

Айтбай Жұмағұловтың осы өлең жолдарымен жастарды ата-ананың қадірін білуге шақыруға болады. Айтыскер ақын бұл тармақтармен әрі ақыл-өсиет айта отырып, әрі жастардың намысын жани түседі.

Ана тілді бағалау, ұлт жоғалмау үшін, тіл жоғалмау керек деген мәселелерді қаншама ақын, жазушыларымыз көтергені белгілі. Қадыр Мырзалиев «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте деген сөзді» қалдырса, айтыскер ақын Бегарыс Шойбеков оны былайша өрбітеді:

Ана тілің арың ғой бетіндегі,
Беттің арын қорғамас кім өлердей.
Ағаттықты іздейік өзімізден,
Өзгенің туырлығын тіле бермей .
«Өз тіліңді құрметте» дейді Қадыр,
Ұлтымның болашағын тілегендей.
Құрметіңнен не пайда сөйлемесең,
Қастерлесек тіліңді білер ең ғой.
Өз тіліңде сөйлеші қазақ болсаң,
Жауырды жаба тоқып тіле бермей.
Өзге тілдің барлығын жаттап алып,
Өз тіліңді құрметтеп жүре бермей.

Бүгінде айтыс өнерін арнайы оқыту астанамыздағы ұлттық өнер университетінде кафедра болып ашылып, айтыс өнеріне ақындар дайындап отырған бірден-бір оқу орны. Биылдан бастап Алматы қаласындағы Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің Дәстүрлі өнер факультетінде де «Айтыс кафедрасы» ашылады. Қазірше айтыс өнерпаздарын оқытып жатқан жалғыз оқу орны Нұр-Сұлтан қаласындағы ұлттық өнер университеті болып отыр.

Қай тұстан алып қарасақ та айтыс өнері жас буынды тәрбиелеуде үлкен қызмет атқара алатынын көріп білеміз. Осындай құнды асыл мұрамызды жоғалтпай, мектеп жасындағы оқушыларға дұрыс дәріптей алсақ, саналы, парасатты, бәсекеге қабілетті ұрпақ өсіп жетілетіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Райымбергенов А., Райымбергенова С., Байбосынова Ұ. Музыка: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2015. – 128 б.
- 2 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 192 б.
- 3 Мұқанов С. Айтыс. 1-том. – Алматы, 1984. – 316 б.
- 4 Зайытов Р. Айтыс. URL: <http://youtu.be/tDgvIM-TKJQ>.

- 5 Досанова К. Айтыс және имандылық // ҚазҰУ хабаршысы, 2012. – 187-190 бб.

FTAXP 14.07.01

Б. Хасен¹, Т. Базарқұл²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ – ИНТЕЛЕКТУАЛДЫ ТҮЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АЛҒЫ ШАРТЫ

Аңдатпа. Мақаладада PISA және TIMSS зерттеулеріне сүйене отырып, Қазақстандағы орта білім беру жүйесіндегі функционалдық сауаттылықтың даму деңгейіне талдау жасалған. Функционалдық сауаттылық ұғымын ашып, оның түрлеріне тоқталған. Функционалдық сауаттылықпен байланысты құзыреттер айтылып, функционалдық оқу ұғымының ерекшелігін көрсеткен. Функционалдық оқу дағдыларын өз бойына қалыптастырған оқушыға тән сипаттар жинақталып берілген. Функционалдық оқу дағдыларының оқу сауаттылығына әсері талданған. Сауаттылықты қалыптастырудың әлемдік тәжірибелерін тілге тиек ете отырып, Қазақстан орта білім беру жүйесіндегі оқу сауаттылығын қалыптастырудың өзекті мәселелері атап көрсетілген. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқитын мектептерде мемлекеттік тілді үйрету сапасын көтерудің басты шарты оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру деп танылған. Оны бірнеше ұстанымға негіздеп, нақты тұжырымдар ұсынылған.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, білім, қазақ тілін оқыту.

Аннотация. В статье, опираясь на исследования PISA и TIMSS, сделан анализ на уровень развития функциональной грамотности в системе среднего образования в Республики Казахстан. Раскрыто понятие функциональной грамотности, останавливается на её разновидностях. Рассказывает о компетенции, связанной с читательской грамотностью, раскрывая её особенности. Систематизированно передает описание обучающегося. Проанализировано влияние функционального чтения на читательскую грамотность. Опираясь на мировой опыт, ясно говорится о проблемах развития функциональной грамотности в системе образования Казахстана. Формирование функциональной грамотности является главным условием повышения качества преподавания государственного языка в школах, где казахский язык изучается как второй язык. Рекомендовано конкретные заключения, основанные на нескольких позициях.

Ключевые слова: функциональная грамотность, образование, преподавание казахского языка.

Abstract. In this article the pupil analyses the level of development of functional literacy in the secondary education system according the research of PISA and TIMSS in the Republic of Kazakhstan. The concept of functional literacy is revealed and its varieties are considered. She searched the theme deeply and written the varieties of the functional literacy. She describes it as real competent student. She also analyzes the influence of functional reading on reader literacy. According on the world experience, it is clearly stated about the problems of developing functional literacy in the education system of Kazakhstan. The formation of functional literacy is the main condition for improving the quality of teaching the state language in schools where the Kazakh language is studied as a second language. Specific conclusions based on several positions are recommended.

Keywords: functional literacy, education, Kazakh language teaching.

Қазіргі кездегі қоғамның қарқынды дамуына ұлттық болмысын сақтай отырып, әлемдегі өзгерістерге тез бейімделетін тұлға қажет. Бүгінгі оқу орындарының алдында әр түрлі мәселелерді тиімді шешетін, кез келген ортаға жылдам бейімделе білетін, шығармашыл әрі жаңашыл, дүниеге өз көзқарасы қалыптасқан, алдына қойған мақсатына жете алатын жастарды дайындау міндеті тұр. Сондықтан да мектептегі оқу үдерісі «өмір бойы оқу» тұжырымдамасын жүзеге асыруға ықпал ететін күзіреттерді дамытуға бағдарлануы тиіс. Осы күзіретіліктерді дамытудың алғышарты ретінде белгілі бір функционалдық деңгейдің болуын қамтамасыз ету аса маңызды. Жастардың оқыған мәтіннің ақпаратын құр қабылдап қана қоймай, одан өзінше тұжырым жасай білуге дағдыландыру, сол жасаған тұжырымын ары қарай ғылыми зерттеу жұмысында пайдалана білуге икемдеу тілдік білім берудің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту мен қалыптастыру мәселесі Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Жүсіпбек Аймауытов сынды қазақ ағартушыларының шығармаларына негізгі арқау болған. Ұлы ғұлама Абайдың еңбектерінде адам бойындағы қайрат, ақыл, жүрек сияқты негізгі қасиеттердің сапалық деңгейі мен олардаң өзара қатынасына байланысты қалыптасатын «толық адамды» жетілдіру мақсаты көзделеді. Аталмыш ағартушылардың еңбектерін бойға сіңіреп болсақ, жеке тұлғаның жан-жақты дамып, қалыптасуына үлкен септігі болатынына кәміл сенеміз. Қазіргі дидактикалық педагогиканың күн тәртібінен түспей тұрған «функционалдық сауаттылықтың» да қайнар көзі осы еңбектерде жатыр.

Қазіргі ғылым зерттеулердің ажырамас негізі болып табылатын статистикалық ақпараттар функционалдық сауаттылықты бағдарлау үшін де жасалынды. Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі Экономикалық

ынтымақтастық және даму ұйымының қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы PISA (Programme for International Student Assessment) болып табылады. PISA жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын өмірдің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда түрлі міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды. PISA шеңберіндегі тестілеу барысында функционалдық сауаттылықтың үш саласы бағаланады:

- 1) Оқу сауаттылығы;
- 2) Математикалық сауаттылық;
- 3) Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.

Бұл зерттеу үш жылда бір рет жүргізіледі. Әрбір айналымда функционалдық сауаттылықтың қандай да бір түріне ерекше назар аударылады. 2009 жылы Қазақстан PISA зерттеуіне бірінші рет қатысты. Зерттеу нәтижесінде оқу сауаттылығына байланысты төмендегідей қорытынды жасалды:

Қандай да бір күрделі оқу мәтіндерін дәл пайдаланып, олардың көмегімен күнделікті жағдайларды бағдарлауға әзір қазақстандық оқушылардың үлесі – оқу сауаттылығын зерттеуге қатысушылар санының 5%-ын ғана құрайды (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 28,6%) [1].

PISA зерттеулері Қазақстандық оқушылардың оқу жетістіктері төрт рет (2009, 2012, 2015, 2018 жылдары) бағаланды. Алғашқы көрсеткіштер өте төмен болды, ал келесі жылдары тіпті біздің еліміз рейтингте 48-ші орыннан 52-ге дейін түсіп кетті. 2018 жылдың қорытындысы бойынша жаратылыстану және оқу сауаттылығы бойынша көрсеткіштер 2009 жылдың нәтижелерінен де төмен болды.

2009-2018 жылдар аралығындағы Қазақстандағы PISA зерттеулерінің қорытындысы

Пән атауы/ жылы	2009	2012	2015	2018
Оқу сауаттылығы	390	393	427	387
Математикалық сауаттылық	405	432	460	423
Жаратылыстану- ғылыми сауаттылық	400	425	456	397

Оқу сауаттылығы бойынша бірінші нәтиже 2009 жылы – 390 ұпай, содан кейін нәтиже сәл жақсарған – 393, 2015 жылы 427 ұпай, ал 2018

жылдың қорытындысы бойынша керісінше: 387 ұпайға түсіп кеткен (78 орыннан 69-шы орында тұр).

Осы нәтижелерді салыстыру үшін PISA-ға алғаш рет қатысқан Украина мемлекетін алайық, ол бізді басып озып бірден 39-шы орынға көтерілген (466 ұпай). Бір кездері әлемнің ең көп оқитын елдері санатында болған бұрынғы Кеңес Одағының елдері рейтингтің ортасында тұр: Ресей мен Беларусь 31-ші және 36-шы орында. 2000 жылдан бастап 2018 жылға дейін көшбасшылардың бестігіне Финляндия, Корея, Жапония, Қытай, Сингапур тұрақты кіреді. Ал Қазақстан алғашқы 20-ға бір рет те кірген жоқ [2].

Қуанарлығы, TIMSS (Third International Mathematics and Science Study) – математика және жаратылыстану білімінің сапасын бағалау бойынша халықаралық зерттеулерінде қазақстандық оқушылар жоғары нәтижелер көрсетуде. Жобаға қатысушы елдердің білім мазмұнын ескере отырып, бұл зерттеудің аясында 4-ші және 8-ші сынып оқушыларының математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша дайындықтарының сапасы бағаланады. TIMSS зерттеулері оқу жетістері туралы жан-жақты мағлұмат алумен қатар, ел, мектеп және білім берудің жағдайлары туралы қосымша ақпарат алуға да мүмкіндік береді. TIMSS-ке қатысушы елдердің құрамы алуан түрлі, олар экономикалық дамуы, географиялық жағдайы, халқының саны жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Бірақ олардың бәрі білім беру ұйымдарының жүйесін, оқу бағдарламалары мен оқыту әдістерін оқушылардың жетістіктері арқылы салыстыру, білім беру саласында тиімді курстар әзірлеуге арналған құнды ақпарат жинақтауға көмектеседі [3; 87-94].

Қазақстанның PISA мен TIMSS-қа қатысу нәтижесі республикадағы жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің мықты пәндік білім беретіндігін, бірақ оны нақты өмірдегі жағдайларда пайдалануға үйретпейтіндігін көрсетеді. Ал Қазақстандық қатысушылардың оқу сауаттылығының көрсеткіштері, зерттеудің басқа бағыттарымен салыстырғанда, ең төмен болып табылады. Оқушылар мен студенттердің 40%-дан астам үлесі ең қарапайым мәтіндермен жұмыс жасай алмайды. Сонымен қатар, барлық қатысушылар күрделі жазбаша мәтіндерді түсінуге, басты ақпаратты алу, өз пікірін талдау және негіздеуге қабілетсіз.

XX ғасырдың 60-жылдарының ортасында әлемдік тәжірибеде сауаттылық ұғымының кеңейгенін байқауға болады. 1965 жылы Тегеранда Оқу-ағарту министрліктерінің сауатсыздықты жоюға байланысты өткізілген Дүниежүзілік конгресінде адамның мәтінді және санды ақпараттарды қалыпты механикалық түрде орындау қабілеті ғана емес, сонымен қатар ақпаратты міндетті түсіну және өзіндік іс-әрекет жасай алу секілді сапаларды қамтитын «функционалдық сауаттылық» термині ұсынылды. Осыған орай, 1978 жылы білім беру саласындағы статистиканы

халықаралық стандарттау туралы ЮНЕСКО-ның дайындаған ұсынысы қайта қаралып, осы құжаттың жаңа мазмұнына сай өзінің тобы немесе халқының тиімді жұмыс істеуіне (сауаттылықты) қажет іс-әрекеттің барлық түріне қатыса алатын және өзінің тобы немесе қауымының дамуына оқу мен жазу мүмкіндігін пайдалана алатын адам сауатты деп саналатын болды. Білім беру жүйесін жаңғыртудың басты бағыты ретінде оқушылардың өзін-өзі дамытуы және қоғам өміріне пайдалы үлес қосуы үшін ақпаратты өздігінен алу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалануын көрсетуге болады. Бұл тұрғыдан функционалдық сауаттылықтың орны ерекше. Еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады.

Сауаттылық ұғымының нақты мазмұны қоғам дамуына қарай және дара тұлғаның дамуына қойылатын талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие. Ол қарапайым оқу мен жазу біліктіліктерінен бастап, адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін кешенді, қоғамдық қажетті білімдер мен біліктерді, яғни функционалдық сауаттылықты қамтиды.

Кей ғалымдар функционалдық сауаттылықты өмірдің және іс-әрекеттің түрлі саласында қолданбалы білім негізінде қалыпты тіршілік міндеттерін адамның шешу қабілеті ретінде сипаттайды [4].

Ал әлеуметтік энциклопедияда функционалдық сауаттылықтың алты түрін санамалап көрсетілген:

1. тілдік сауаттылық;
2. құқықтық сауаттылық;
3. азаматтық сауаттылық;
4. қаржылық сауаттылық;
5. экологиялық сауаттылық;
6. кәсіби және арнайы аспектідегі сауаттылық [5].

Функционалдық сауаттылықтың маңыздылығын біз өмірде түрлі жағдайлармен бетпе-бет келгенде ғана байқаймыз, қажеттілігін сезінеміз. Функционалдық сауатсыздық кәсіби қызмет түрін өзгерткенде де айқын көрінеді. Адамның жаңа технологиялармен жұмыс жасау жағдайымен де анықталады. Қазіргі кезде біздің елімізде оқушылардың функционалдық сауаттылығының жеткіліксіз қалыптасуымен байланысты білім беруді дамытуды тежейтін бірқатар мәселелерді бөліп көрсетуге болады. Мәселен:

- дербес компьютердегі түрлі бағдарламалармен жұмыс жасай алмау;
- оқушылардың ұсынылған ақпаратпен өз бетімен жұмыс істей алмауы;
- әр түрлі фрагменттерді салыстыра алмау;

- жалпы мазмұннан нақты ақпаратты іріктеп ала алмау;
- қажетті ақпаратты мақсатты түрде іздей алмау;
- кітаптардан, анықтамалардан, энциклопедиялардан және басқа да баспа мәтіндерінен, сондай-ақ ғаламтор-ресурстардан қажетті ақпаратты таба алмау;
- БАҚ көздерін пайдалана алмау.

Мұның барлығы негізінен оқу сауаттылығының төмендігінің салдарынан болатыны дау туғызбайды. Кейде оқу сауаттылығын орфографиялық және орфоэпиялық сауаттылықтың аясында ғана қарастырып, ұғымды тым тарылып жіберу орта мектептерде жиі байқалады. Жиі-жиі минутқа оқытып, оқушының жылдам оқуы ғана бағаланып, оның мәтінді түсінуін қадағаламау осындай қателіктің бір көрінісі. Сондықтан да оқу сауаттылығы терминіні дұрыс түсінудің мәні зор.

Оқу сауаттылығы термині 1991 жылы халықаралық тестілеу контексінде пайда болды. Оқу сауаттылығы – білім алушының жазбаша мәтіндерді түсіну, пайдалану, ойлану және өз мақсаттарына жету үшін олармен жұмыс істеу, өз білімін және әлеуетін дамыту, сонымен қатар қоғам өміріне қатысу қабілеті ретінде анықталады.

Оқу ұғымының *функционалдық оқу* ұғымынан айырмашылығын білуіміз керек. *Оқу* – бұл интеллектуалдық даму технологиясы, мәдениет алу тәсілі, қарым-қатынастағы делдал, өмірлік мәселелерді шешу құралы. Оқусыз өмір бойы жалғасып келе жатқан зияткерлік даму мен өздігінен білім алу мүмкін емес. Мәтіннің мазмұны әрқашан да еркіндік дәрежелеріне ие: әр түрлі адамдар өзінің жеке ерекшеліктері мен өмірлік тәжірибесіне қарай мәтінді әр түрлі түсінеді [6].

Ал функционалдық оқу – нақты тапсырманы шешу немесе белгілі бір тапсырманы орындау үшін ақпаратты іздеу мақсатында оқу. Функционалдық оқу кезінде шолып оқу (сканерлеу) және аналитикалық оқу (негізгі сөздерді бөлу, дәйексөздерді таңдау, схемалар, кестелер құру) тәсілдері қолданылады.

PISA зерттеуіндегі елдердің нәтижелері бойынша (Австралия, Финляндия, Жапония, Жаңа Зеландия, Италия, Оңтүстік Корея және т.б.) оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға келесі факторлар әсер етеді деп есептейді:

- 1) білім мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
- 2) оқытудың нысандары мен әдістері;
- 3) оқушылардың оқу жетістіктерін диагностикалау және бағалау жүйесі;
- 4) мектептен тыс және қосымша білім беру бағдарламалары;
- 5) мектепті басқару үлгісі (мемлекеттік-мемлекеттік нысаны, оқу жоспарларын реттеудегі мектеп автономиясының жоғары деңгейі);

6) барлық мүдделі тараптармен әріптестік қағидаттарына негізделген достық білім беру ортасының болуы;

7) балаларды тәрбиелеу процесінде ата-аналардың белсенді рөлі

Жоғарыда аталған PISA және PIRLS зерттеулерінде оқу сауаттылығы деп оқушының жазбаша мәтіндерді және олардың рефлексиясын ұғынуға, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу, білім мен мүмкіндіктерді дамыту, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін пайдалану қабілетін түсіну ұсынылады. *Сауаттылық* сөзі оқушылардың оқуды одан әрі жүзеге асыру құралы ретінде меңгеруінің табыстылығын білдіреді: білім алуды жалғастыру, еңбек қызметіне дайындық, еңбекке және қоғам өміріне қатысу.


PISA зерттеуіндегі оқу сауаттылығын бірнеше деңгейге бөлуге болады:

- қарапайым критерий бойынша қажетті ақпаратты мәтінде іздеу (ең төмен деңгейі);
- мәтінде көптеген өлшемдер бойынша қажетті ақпаратты іздеу;
- терең жасырын ақпаратты қамтитын үзінділердің бірізділігін немесе комбинациясын іздеу және орнату;
- тапсырманы орындау үшін мәтіндегі қандай ақпарат қажет екендігі туралы қорытынды жасай білу;
- күрделі мәтіндерді түсіну және оларды түсіндіру, тұжырымдау;
- мәтін мазмұнына қатысты тұжырымдар мен гипотезалар.

Функционалдық оқу дағдылары қалыптасқан оқушы мәтіннен ақпарат алу үшін – оны түсіну, қысқарту, түрлендіру және т.б. үшін оқу және жазу дағдыларын еркін қолдана алады [8].

Функционалдық сауаттылық дағдылары қалыптасқан оқушы оқудың әр түрлі түрлерін қолдана алады (оқып үйренуші, көру, таныстыру). Ол мәтінді оқу мен түсіну тәсілдерінің бір жүйесінен екінші жүйеге көшуге қабілетті.

Оқушының оқу кезінде функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жұмыстары білім мекемелерінде мемлекеттік тілді оқытудың түпкі нәтижесі ретінде түрлі құзіреттіліктердің (қатысымдық ақпараттық және проблемалардың шешімін табу) басты мәселесі. Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қажет құзіреттіліктерді төмендегі схемадан көруге болады:



Байқағанымыздай, функционалды сауаттылық оқушының белгілі бір ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім, білік, дағдылардың бірлігінен құралады. Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы кез келген пәннің алатын орны ерекше. Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиетін алдыңғы қатарға қоюға болады. Әдебиет арқылы оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде дұрыс бағыт-бағдар беруге болады. Ұрпақ бойында ұлттық ұғымдарды сіңіру үшін, біз оқушыға өткен тарихымызды танытуымыз керек. Ал қазақ тілінің басты мақсат-міндеті – тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету, ұлттық тіліміздің мәртебесін асқақтату.

Мектеп қабырғасында білім алып отырған әрбір оқушы өз ұлтының асыл мұрасымен сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Қазақ тілінің функционалды грамматикасын терең меңгерген және тіл табиғатын сезінген оқушы, қоғамның кез келген саласында қиналмай жұмыс істеп, өзінің функционалды сауаттылығын көрсете алады.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында мұғалім оқушының пәнге деген қызығушылығын артыру үшін түрлі әдіс-тәсілдер (сұрақ, жауап, жинақтау, талдау, ойларын мысалдармен дәлелдеу, түрлі проблемалық мәселелерге жауап табу, сол мәселелердің шешімін табу, оны дәлелдеу), көрнекілік құралдарын қолдану, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Сонда ғана оқушылар өз бетімен жұмыс істеуді тез үйренеді.

Қазақстан үшін қазақ тілін оқыту мәселесі қашан да өзекті болады. Қоғам ілгері дамыған сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отырады. Оның жетіліп отыруына ат салысатын озық тәжірибелі мұғалімдер қажет. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыруды дамыту мен оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген технологиялар ұсынылуда. Жаңа технологияның басты мақсаты – баланы оқыта отырып

оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Жалпы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне төмендегідей тұжырымдамаларды ұсынуға болады:

1. Оқушылардың алған білімдері мен сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана алуы;
2. Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасай алуы;
3. Әлеуметтік талаптарға сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;
4. Оқушыларды өмірге жылдам бейімделуге үйрету;
5. Оқушылардың ерекше қабілеттерінің дамуына мүмкіндік жасау;
6. Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамыту;
7. Қазақ халқының салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсініп, құрметтеуге баулу.

Мектептегі басты тұлға ретінде мұғалім балаға қатты әсер етеді. Оқушылардың өз қоғамына пайдалы азамат болып жетілуі тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты. Егер оқушы мұғалімнің кәсіби сапасын жоғары бағалса, онда оның оқуға деген құлшынысы артып, оқуды да, мектепті де жақсы көреді. Мұғалім кез-келген жағдайда өз оқушыларымен адал, шынайы қарым-қатынас жасап, олармен ортақ тіл табысуы керек. Оқушылардың түрлі мәселелерін түсініп, дұрыс жол сілтей алуы да маңызды. Мұғалімнің өз пәнін жетік меңгеруі оның беделіне тікелей әсер ететінін жадымыздан шығармағанымыз жөн. Ақпараттар легі толассыз қазіргі уақыт ұстаздан тек терең білім ғана емес, әр сабақты қызықты, нәтижелі, ең бастысы есте қалатындай етіп өткізе білуді талап етіп отыр. Қазақстанда білім бағдарламалары да соңғы уақытта жаңартылып, оқулықтар қайта жаңа мазмұнмен дайындалды. Өзгертілген бағдарламалардың басты мақсаты – оқушыны жан-жақты дамыған, күзiреттi тұлға етiп тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетудің бір жолы – функционалдық сауаттылықты дамыту екенін баса айтқымыз келеді. Оқушы алған білімін күнделікті өмірде өз қажетіне жаратып, сол білімін кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуі керек. Бұл күрделі үдерістің жүзеге асуы мұғалімнің біліктілігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000832>.

- 2 PISA-2018: казахстанские школьники впервые за 10 лет показали снижение уровня грамотности. URL: <https://informburo.kz/stati/pisa-2018-kazahstanskije-shkolniki-vpervye-za-10-let-pokazali-snizhenie-urovnya-gramotnosti.html>.
- 3 Ковалева Г.С., Красновский Э.А., Краснокутская Л.П., Краснянская К.А. Международная программа PISA. Примеры заданий по чтению, математике, естествознанию. – М: ЦОКО ИОСО РАО, 2003. – 99 с.
- 4 Крупник С.А. Функциональная грамотность в системе образования Беларуси. – Минск: Акад. последипл. образования, 2003. – 125 с.
- 5 Национальная социологическая энциклопедия. URL: <http://voluntary.ru>
- 6 Выготский Л.С. Сбор. Соч.: В 6 т. М., 1982 – 1984. – 504 с.
- 7 Қазақстанның ғылымы мен өмірі. URL: https://sirius.zkgmu.kz/sirius/src/PpsModuleFiles/publication/344940/138_815_773_3-59k-1.pdf#page=223.
- 8 Образовательная система «Школа 2100». Педагогика здравого смысла: Сборник материалов / под ред. А.А. Леонтьева. – М.: Баллас, 2003. – 368 с.

FTAMP 14.07.03

Х.А. Ордабекова¹, А. Бекмұқамет²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Андатпа. Мақалада қазіргі білім беруде ұлттық құндылықтарды қолдану мен білімалушылардың тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі сөз болады. Жеке тұлғаны дамытудағы мәселелер талданды. Білімалушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру барысында қазақ тілі сабағы мен мектепшілік жүргізілетін іс-шараларға талдау жасалынды. Жалпы педагогтардың өз білімін жетілдіруі мен кәсіби маман болудағы өз тәжірибелеріне ендіруге болатын, тиімділігі бар ұлттық құндылықтарды қалыптастыру әдістеріне шолу жасалды.

Түйін сөздер: ұлттық құндылық, тәрбие, оқу-үйрену, мұғалім, оқушы, әдіс.

Аннотация. В статье поднимается проблема обучения и формирования у обучающихся личностных компетенций путём внедрения национальных ценностей в современном образовании. Рассматриваются проблемы развития личности. Дается анализ уроков казахского языка и внутришкольных воспитательных мероприятий, способствующих формированию у обучающихся национальных ценностей. Дается обзор эффективных методов внедрения национальных ценностей, которые можно успешно применять в своём опыте становления профессиональным специалистом и усовершенствования своих знаний для всех педагогов.

Ключевые слова: национальные ценности, воспитание, образование, обучение, учитель, ученик, метод, способ.

Abstract. The article raises the problem of training and the formation of students' personal competencies by introducing national values in modern education. The problems of personality development are considered. The analysis of the Kazakh language lessons and intra-school educational activities that contribute to the formation of national values among students is given. An overview of effective methods of introducing national values that can be successfully applied in your experience of becoming a professional specialist and improving your knowledge for all educators is given.

Keywords: national values, upbringing, education, training, teacher, student, method, way.

Адамның жеке индивид қалпынан тұлға деңгейіне қарай даму процесіне қоғамдағы қалыптасқан ахуал, отбасындағы этностық тәлім-тәрбие, білім берген оқу ордасы, ата- бабасынан мирас болып бойына сіңетін генетикалық ерекшеліктері, жоғарғы психикалық процестердің жүзеге асу ерекшеліктері әсер етеді.

Қазақ қашанда өзінің жырлары, эпсаналары, ертегілері арқылы ұрпағының толыққанды тұлға болып қалыптасуы үшін ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп отырған. Ұлттық тәрбиенің өлмес негізі, рухани күші оның өмір сүру болмысынан туындаған өзіндік ұлағаты, тәжірибесінің молдығы, рухани мұрасының тереңдігі мен өнегелігінде жатыр.

Бауырмашылдық, адалдық, адамгершілік, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық сияқты қасиеттерді Қаз дауысты Қазыбек былай суреттейді: Біз қазақ елі мал баққан елміз, Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізді жау алмасын деп, Ордамыздан құт қашпасын деп, Найзаға үкі таққан елміз, Дұшпанның аяғына жаншылмаған елміз, Басымыздан намысты асырмаған елміз, Адалдықты әрқашан жасырмаған елміз. Атаның өсиетін балаға, Баланың өнерін атаға Айтып, тарата білген елміз. Құлақтың құрышын қандырып Әділ сөзді халыққа айта білген елміз [1].

Ұлттық тәрбиенің адамгершілік ұстанымдары қоғам дамуының кең көлемдік, әлемдік мәселесі ретінде қарастырылуда қазақ халқы тәрбиесінің өне бойынан табылады. Жеке адам туралы сөз болғанда, жеке адам көптің бірі, ол әлі тұлға емес. Осы мағынада алғанда «жеке адам» және «тұлға» ұғымдары көлем жағынан да, мазмұны жағынан да бір-бірінен қарама-қарсы болып табылады. Жеке адам ұғымында адамның жекеше ерекше түрі, сапасы бейнеленбейді, сондықтан оның мазмұны аз болады, бірақ өте көлемді, өйткені әрбір адам-индивид. Әр адам өзінше жеке тұлға.

Жеке адамның айтарлықтай ерекшеліктерінің бірі – оның өзіне тән мінез-құлқында, іс-әрекетінде, көзқарасындағы ерекшеліктерімен даралануы.

Жеке адам болу – азаматтың адам ретінде сезіну, сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі туғызған рухани мәдениеттің мәңгілік игіліктерін бойына дарытып, осы игіліктерді еңбекке, әлеуметтік мәнді қызметке, қоғамдық өмірге, адамдар қатынасы, күнделікті тұрмысқа енгізу.

Адам немесе жеке тұлға өзінің сана-сезімін, көзқарасын, рухани-саяси дүниетанымын үнемі білім мен еңбектің арқасында жетілдіріп отыруы керек.

Тұлғаны құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға және әділдік жолымен жүруге, әділдік жоқ жерде адамшылық жоқ деген пікірді айтады ұлы ойшыл М.Х. Дулати [2].

Жеке тұлғаның ең маңызды белгілері – оның саналылығы, жауапкершілігі, бостандығы, қадір-қасиеті, даралығы. Жеке тұлғаның

маңыздылығы оның қасиеттері мен іс-әрекеттерінде қоғамдық тенденцияларының, әлеуметтік белгілер мен қасиеттердің айқын және өзіне тән ерекшелігінің көрініс табуы, оның іс-әрекетіндегі шығармашылық қасиетінің деңгейі арқылы анықталады.

Оқыту мен тәрбие жұмыстарының мақсатын, мазмұнын жүзеге асыруды қолданылатын формалармен әдістерді таңдау, көптеген жағдайда жас және дара ерекшеліктеріне байланысты өзгеріп отырады. Сондықтан да мұғалімнің педагогикалық әрекетін нәтижелі ұйымдастыру шарттарының бірі – балалардың жас және дара ерекшеліктерінің даму заңдылықтарын жете меңгеру» [3]. Даралық бір адамның басқа бір адамнан, бір тұлғаның басқа бір тұлғадан айырмашылығын, оның ешкімге ұқсамайтынын, өзіне тән ерекшелігі бар екенін сипаттайды.

Даралық, әдетте, адамның мінезі және шығармашылық қызмет – әрекеті мен қабілеттілігінің өзгешелігінің өзгешелігі арқылы ерекшеленеді. Даралық ұғымы бір адамды басқа бір адамнан, бір тұлғаны басқа бір тұлғадан ажыратып, оған өзіне тән сұлулық мен қайталанбас қасиеттерден тұрады. Бүкіл адамзат тегіне тән, жалпы белгілермен қатар, оның өзгелерден ерекшеленетін өздеріне тән қасиеттері бар. Әлем әрқашан түрлі дауыстар, түрлі үндерден тұрады. Бір-біріне даралығы жағынан ұқсамайды әр адамның бойы, түрі, салмағы, дене бітімі, әлеуметтік дамуының интеллектуалдық деңгейі, психологиялық қатпары, рухани мәдениеттің әр түрлі-деңгейі сияқты ерекшеліктер болып табылады.

Адамның еркін таңдауына байланысты құндылық адами қажеттіліктердің қанағаттануын да білдіреді. Бірақ қанағаттану құндылықтардың табиғатын бұрмалап қабылудауға алып келуі де мүмкін.

Шынайы құндылықтар деп – адамға игілік әкелетін, оның бойында адамдық қасиеттерді қалыптастыратын, бақытқа бастайтын, қоғам мен жеке адамның ілгерлей дамуына ықпал ететін құндылықтарды айтамыз.

Қазақ қоғамының өмір сүру салтында құндылықтарды жоғары бағалау, жас ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Тұлғаның рухани өлшемі адамгершілік қасиеттері мен анықталады және ол адам тұлғасының даму-деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Қазақ халқының ұлы, ағартушысы Ыбырай Алтынсарин өзінің еңбектерін ана тілінде жазып, «бала тәрбиесі оның табиғи ортасы мен халқының салт-дәстүрі рухында тағлым болса, оның сана-сезімінің дамып, жетілуі де ұлты мен халқына қызмет ететін көкірегі ояу, тұлға болып өседі» деп ой түйіндеген.

Еңбекті сүю, үлкенді құрметтеу, мейрімділікке, кішіпейлдікке сияқты қасиеттерді жастарға түсінікті болатындай еңбектері арқылы жеткізе білді. Қазақ ағартушылығында, қазақ халқының мәдениеті тарихында орасан үлкен орын алған ұлы, ақын ойшыл Абай Құнанбаев.

Абай шығармашылығының негізгі өзегі — адамның адамгершілік, ар-ұяты, ақылдығы болып келеді. Жеке тұлғалардың қалыптасуында моральдық ілімдерін, олардың теориялық дейгейін айтап қана қоймай,

іс жүзінде ұстанатын парыз, әділеттік, мейрімділік, адамдық, өзіне ғана емес, басқаларға да қызмет ете білу, жан-жақты жетілгендікке ұмтылу және басқа моральдық принциптерді танып – білу, оны өзіндік өмірлік тәжірибеде жүзеге асыруға, мақсаттық жүйеге айналдыруға талпыну-индивидтенбірте-бірте тұлғаның қалыптасуына қажетті принциптердің бірі.

Олай болса, қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарыда қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы оқушылардың адами құндылық қасиеттерін қалыптастыра аламыз. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып ұлттық қасиеттерге айналады.

Оқушының ұлттық қасиеттеріне меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылығы, мәдениеттілігі т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді.

Демек, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектеп ішкілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, “Ұстазға қарап шәкірт өсер” деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ.

Ұлттық кодтің қайнары – ана тілі, салт-дәстүрі, тарихи жады, мәдениеті мен ұлттың ділі. Жалпы, ұлттың қоғамдық-әлеуметтік, экономикалық қатынастарындағы барша өзекті танымдар, көзқарастар мен ұстанымдар ұлттық сананың негізін құрайды. «Ұлттық сана – әр ұрпақтың ұлттық мүдде деңгейіндегі ойлау жүйесі, ұрпақты ұлт ретінде біріктіруші құбылыс, даналық білімдердің, тәжірибелердің, құндылықтардың ұлттың рухани әлеміндегі бірігуі»; «Ұлттық сананың ең негізгі белгісі – әр ұлттың өзін-өзі танып білуі, өзін өзге ұлттардан айыра білуі, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді іске асыру үшін күресу, ұлттық мақсаттар мен мүдделерді бүкіл адамзаттың мақсаттары мен мүдделеріне ұштастыра білу» [4].

6- сыныптың Қазақ тілі «Арман-ПВ» баспасы, Т.Н. Ермекова, Ж.К. Отарбекова, Г.Б. Тоқтыбаева авторларының еңбегімен шығарылған оқулығында II бөлім: «Ұлттық және отбасылық құндылықтар» бөлімі бойынша назар аударатын болса, «Қазақтың салт-дәстүрі –ұлттық құндылығы» тақырыбы берілген. Осы тақырып аясында алдымен

оқушыларға ұлттық құндылықтар жайлы, құндылық дегеніміз не? Ұлттық құндылықтар туралы не білесің? сынды ой тастау сұрақтары берілген. Мұнымен оқушының құндылық жайлы бастапқы білімдерін анықтап алуға болады. Одан кейін құндылықтарға қатысты пікірлермен оқушылардың пікірлерін салыстыруға байланысты мәтіндер мен бір-бірінен интервью алып өзара пікірлесу тапсырмалары берілген. Оқушылар ғалым, сыншы, тарихшы, әнші-актер, саясаттанушы сияқты мамандық иелерінің образына еніп, мәтіндегі өз саласына қатысты құндылықтар бойынша сұрақтарына дайындалып отырады. Келесі бір оқушы журналист кейпінде оларға түрлі сұрақтар қояды. Бұл «Интервью» әдісі деп аталады. Осы әдісті қолдану арқылы мұғалім өз сабағын жүйелі өткізе алады.

Әрі қарай осы сабақтың грамматикалық тақырыбы екпін және оның түрлері болғандықтан, екпінін дұрыс қойып оқуға мәтін берілген. Басты тақырып құндылықтар. Демек екпін құндылықтарға қатысты атауларға түсіріліп оқытылады. Грамматикалық тақырыбымыздың ұлттық құндылықтарға байланысты сәйкестенуі де, құндылықтарды оқытудағы ұтымды тұсы осы болып отыр.

Сабақты үй тапсырмасына немесе қайталауға берген болсақ, «Ханталапай» әдісі арқылы тексеруге болады. Ойынның мақсаты: асықпен ойнатылатын ұлттық ойынымызды дәріптей отыра, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртып, шапшаң ойлап, шапшаң жауап беруге үйрету.

